

ҚР Конституциясында бұл қағидаға ерекше мән берілгендіктен, бүкіл іс жүргізу іс-әрекеттеріне ықпалын тигізіп, қылмыстық процесте де тұрғын үйге қол сұқпау маңызды мәнге ие болады.

Азаматтардың құқықтарын мемлекет тарапынан қорғау бұл шынайы құқық ізгілігі болып табылады. Заң азаматтардың құқықтарын тек белгілеп қана қоймай, оларды кепілдендіретін және жүзеге асыратын мәселеге көңіл аударуы керек [5, 22].

Қылмыстық іс жүргізуде процессуалдық кепілдік болып заңнамамен белгіленген қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін қылмыстық сот өндірісінің амал-тәсілдері табылады. Қылмыстық сот өндірісінде тұрғын үйге қол сұқпаушылық қағидасы тергеу әрекеттері, сот әрекеттері жүзеге асқан кезде, осы қылмыстық процеске қатысушы барлық тұлғалар арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Тұрғын үйге қол сұқпаушылық қағидасын қамтамасыз ету тұрғын үйді қарау, тінту және тұрғын үйде алу жүргізуге байланысты алдын-ала тергеу органдарына, прокуратура органдарына және сотқа жүктеледі.

Заңнама қылмыстық процеске қатысушылардың тұрғын үйіне қолсұқпаушылықты қамтамасыз ететін бірнеше нормалармен қамтамасыз етілген. Тұрғын үйге қолсұқпаушылық қағидасының мазмұнын дұрыс және қажетті алғышарттар ретінде анықтау үшін төмендегі мәселелерді қарастыру керек:

- қарастырылып отырған қағида ретінде «тұрғын үй» деген ұғым қандай материалдық объектілерді қамтиды;

- қылмыстық сот өндірісі бойынша қандай субъектілердің тұрғын үйге қолсұқпаушылығы шектеледі;

- қандай процессуалдық әрекеттер нәтижесінде тұрғын үйге қолсұқпаушылықты шектеуге жол беріледі.

ҚР ҚІЖК-нің 222, 230-232 баптарында қарастырылған жағдайларда, заң тұрғын үйге қол сұқпаушылықты шектеуге құқықтар берді. Осы жағдайда шектеу Конституция күшімен қорғалатын субъективті құқықтармен байланысты, тергеуші және прокурордың әрекеттері мен шешімдері қатаң түрде заң талаптарына сәйкес келуі қажет.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі отандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасының дамуында маңызды қадам болып табылады. Кодексте қылмыстық процесс ғылымының және заңшығармашылық тәжірибенің бірқатар жетістіктері жүзеге асқан. Тұрғын үйге қолсұқпаушылық ережесі қылмыстық процестің қағидасы ретінде қарастырылуы – қылмыстық процесті ғана емес, сондай-ақ қоғамды демократизациялаудың маңызды элементі болып табылады.

Тұрғын үйде тұратындардың еркінен тыс баса-көктеп кіру – барлық өркениетті қауымда айқындалған, еліміздің Конституциясының 25-бабында бекітілген тұрғын үйге қолсұқпаушылық демократиялық қағидасынан кері шегіну болып табылады. Бұл қағидадан шегінуді (әрине объективті түрде бұл болады) ең төменгі шегіне келтіру керек. Тұрғын үйге қолсұқпаушылық құқығын шектеудің жағдайларын және тәртібін нақты заңшығарушымен регламенттелуі тиіс, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуына жол бермес үшін.

1. Теория государства и права: учебник. 2-е издание, переработанное и дополненное. – Ленинград: Изд-во Ленинградского университета, 1987. – 126 с.

2. Пакиркинов М.А. Обеспечение принципа неприкосновенности жилища в уголовном процессе.- Алматы, 2003. – 23 с.

3. Халиков К. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 176 б.

4. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая: учебник. – Алматы: Баспа, 1998. – 133 с.

5. Добровольская Т.Н. Принципы советского уголовного процесса (вопросы теории и практики). – М.: Юридическая литература, 1971. – 198 с.

В данной статье рассматривается значение принципа в уголовном процессе неприкосновенность жилья.

In this article discusses the importance of the principle inviolability of the home in the criminal process.

Б.Т. Абулкаирова

ЗОРЛЫҚ, ПАЙДАҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Пайдақорлық қылмыстылы- әлемдегі көп таралған криминалды феномен болып табылады. Аталған түсініктің негізгі «пайдақорлық» және «пайдақорлық мотивация» категориялары болып табылады. Пайдақорлық дегеніміз пайда, көп жағдайда материалды пайда деген мағынада

қолданылады [1]. Сәйкесінші, пайдақорлық мотивация – адамның мінез-құлқының пайдаға, табысқа деген ұмтылысы. Жалпы алып қарағанда пайдақорлық әр адамға тән нәрсе, өйткені, кімде-кім болмасын іс-әрекеттерді өзіне, өзінің пайдасына зиян келтіре отырып жасауына адамзаттың табиғатына жат қылық болып табылады. Кейбір пайдақорлық көріністері қоғам мүдделеріне қайшы келеді деп анықталады (антиқоғамдық). Осыған сәйкес құқықта, негізінен қылмыстық құқықта пайдақорлық категориясы неғұрлым тар мағынада - құқыққа қайшы, қайтарымыз мүлдіктік пайда табуға, оның заңсыз екенін біле отырып тырысу деп түсініледі (пайдақорлық мақсат және пайдакүнемдік ниет).

Баюға тырысып жатқанын сезінбеу (барлық адамдарға тән), заңды жолдармен баюға тырысу, заңсыз тәсілдермен баю, алайда келтірілген шығындардың орнын толтыру құқықта пайдақорлық болып табылмайды. Алайда, бұл орайда пайдакүнемдік мүдде болмауы керек. Көп жағдайларда пайдақорлық ниет қылмыстық заң нормаларында қылмыстың белгісі ретінде көрсетілмейді. Негізінен бұл баға экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға жақын. Бұл ерекшеліктің себебі, пайдақорлық мотивация заңсыз экономикалық қызметке, негізінен заңсыз кәсіпкерлікке тән болып табылады.

Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасы бойынша пайдақорлық мотивация 90 түрлі қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің белгісі ретінде сипатталады. Пайдақорлық қылмыстардың көп түрлері экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды (32), меншікке қарсы қылмыстарды (9), сондай-ақ мемлекеттік билік мүдделеріне және мемлекеттік қызмет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қарсы қылмыстарды құрайды(8). Бірақ та пайдақорлық қылмыстар адам өміріне қарсы (пайда табу мақсатымен немесе жалданып адам өлтіру), бостандыққа қарсы (пайдакүнемдік ниетте адам ұрлау), тұлғаның конституциялық құқықтарына қарсы (пайдакүнемдікпен жеке өмірдің қол сұғылмаушылығын бұзу), кәмелетке толмағандардың дұрыс даму, қалыптасу мүдделеріне қарсы (кәмелетке толмағандарды саудаға салу), қоғамдық қауіпсіздікке қарсы (ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін қылмыстық қоғамдастық құру), халықтың денсаулығына қарсы (есірткі заттарды ұрлау немесе қорқытып алу), қоршаған ортаға қарсы (заңсыз аңшылық), конституциялық құрылысқа қарсы (пайда табу мүдделеріне байланысты мемлекеттік опасыздық жасау), басқару тәртібіне қарсы (пайда табу мүддесіне байланысты құжаттарды бұлдіру немесе ұрлау, мөрлерді ұрлау немесе бұлдіру) қылмыстарды да құрайды. Екі түрлі критерийлерге байланысты пайдақорлық қылмыстарды меншікке қарсы қылмыстар (бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бұлдіруді қоспағанда) және экономикалық қызмет пен коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар деп сәйкестендіруге болады.

Пайдақорлық қылмыстылық - бұл құқыққа қайшы, қайтарымыз мүлдіктік пайда табу мақсатымен экономика саласына қол сұғатын қылмыстық құқықтық жазаланатын іс-әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Қол сұғушылық жүзеге асырылатын экономикалық қатынастардың сипатына байланысты пайдақорлық қылмыстарды үш топқа бөлуге болады:

1) меншікке қарсы пайдақорлық қылмыстар (ұрлық, алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтен мүлдікті иеленіп алу немесе ысырап ету, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, ерекше құнды заттарды ұрлау, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлдіктік залал келтіру, автомобильді немесе өзге көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену);

2) экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар (табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу, заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет, жалған кәсіпкерлік т.б.);

3) коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы пайдақорлық қылмыстар (өкілеттіктерді теріс пайдалану, жекеше нотариустардың және аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы, жекеше күзет қызметі қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалану, коммерциялық сатып алу).

Қазіргі таңда қылмыстардың, оның ішінде пайдақорлық қылмыстардың көбісі меншікке, экономикаға қарсы бағытталады.

Зорлық қылмыстары дегеніміз - тұлғаға физикалық немесе психикалық жәбір көрсетумен не болмаса көрсетемін деп қорқытумен байланысты қылмыстар аталады. Зорлық қылмыстарының қатары уақыт өткен сайын ұлғайып келеді. Атап айтсақ, адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, қорқыту, зорлау, адам ұрлау т.б. Зорлық қылмыстарының ең көп ауыр зардаптарға әкелетін қауіпті түрлері болып адам өлтіру, зорлау, бұзақылық болып табылады.

Қылмыстық құқықта пайдақорлық және зорлық қылмыстары өте көп. Осындай қылмыстарды ашу да оңай емес.

Пайдақорлық қылмыстарының қатарын негізінен меншікке қарсы қылмыстар құрайды. Оларға негізінен ұрлық, алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтен мүлдікті иеленіп алу немесе ысырап ету, тонау,

қарақшылық, қорқытып алушылық, ерекше құнды заттарды ұрлау жатады. Меншікке қарсы пайдақорлық қылмыстарының өзектілігі сол бұл қылмыстар ежелден келе жатқан Қазақстан Республикасының заңнамасында көрініс тапқан ашылуы қиын қылмыстар қатарына жатады. Құқық қорғау органдарының тәжірибесінде кездесетін ең негізгі және көп таралған қылмыстар осы меншікке қарсы қылмыстар болып табылады. Қарастырылып отырған қылмыстардың объектісі негізінен бөтеннің меншігіне қол сұғу болып табылады. Қылмыс объектісі – қылмыстық іс-әрекетті жасаған адамның не нәрсеге қол сұғып отырғандығы және қылмыс нәтижесінде неге зиян келтіреді немесе неге зиян келтіруі мүмкін [2].

Қылмыстың объективтік жағы оның сыртқы жағын білдіреді және қоғамға қауіпті іс-әрекетті және әрекетке байланысты өзге де құбылыстарды қамтиды. 1. Субъектінің қоғамға қауіпті әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздік); 2. Қылмыстық салдар (нәтиже); Қылмыстық нәтиже мен әрекеттің арасындағы себепті байланыс; 4. Қылмыс жасау орны; 5. Қылмыс жасау жағдайы; 6. Қылмыс жасау тәсілі; 7. Қылмыс жасау уақыты; 8. Қылмыс құралы мен қаруы. Бұл белгілердің ішінде тек алғашқысы ғана барлық қылмыс құрамдары үшін міндетті де, қалғандары кейбір қылмыс құралдарында ғана көрініс табады. Қылмыстық әрекет – бұл тұлғаның сыртқы көрінісіндегі қоғамға қауіпті акт, яғни сол адамның өзінің сыртқы дене қозғалысы және адам санасымен бақылануы арқылы жүзеге асырылуын айтамыз [3].

Қылмыстық кодекстің 178-бабына сәйкес, тонау дегеніміз бөтен мүлікті ашық ұрлау болып табылса, ал ҚК 179-бабына сәйкес қарақшылық - ол бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау танылады. Пайдақорлық, сондай-ақ зорлық қылмыстары әр түрлі жолдармен жүзеге асырылады. Атап кетсек, физикалық немесе психикалық ықпал ету арқылы зорлық қылмыстарын жасауға болады. Мысалы, Адам өмірін күш қолданып та (жарақаттау, тұншықтыру, уландыру, т.б.) психикалық ықпал жасап та (қорқытып, үрейлендіріп, жалған лақап таратып, т.б.) айыруға болады. Тәжірибеде кісі өлтірудің түрі ретінде күш қолданып кісі өлтірулер көптеп кездесуде. Яғни кінәлі жәбірленушінің оқпен атылатын және суық қаруды, өзге де заттарды пайдаланумен, уландыру, жарылыс жасау, басқа да әдістерді қолдану арқылы өмірін қияды. Адам өлтіру қылмысы кінәлі өзінің білегінің күшімен немесе қандай да болмасын құралды пайдалану арқылы жасалуы мүмкін. Кінәлі өзінің білек күшін қолданып адам өлтіру ол қолымен қылқындырып өлтіру, ұрып-соғып өлтіру және де т.б. айтуға болады. С.Я. Булатов пен Д.М. Мамутов психикалық әсер ету жолымен адам өлтіруді де теріске шығармайды. Мысалы, қорқыту нәтижесінде жүректің жарылуы [4]. С.В. Бородин психикалық әсер ету жүрек ауруымен ауыратын адамдарды өлімге дұшар етуі мүмкін деп айтып кеткен. Тәжірибе С.Я. Булатов пен А.И. Мамутовтың пікірін растайды. Олар психикалық әсер ету арқылы адам өлтіруді дәлелдеудің қиын екендігін айтады. Бұндай қылмыстар алдын ала ойластырылмаған және табан асты бола қалған кісі өлтіруде кездеседі. Әр түрлі құралдарды (кастет, кинжал, у пышақ), механизмдерді (қару, тапанша) қолдану арқылы жасалған кісі өлтіруді, кінәлі тұлғаның әрекетінің негізінде кісі өлтіру деп қарастыруымыз қажет. Адам өлтіру сонымен бірге жәбірленушіге психикалық әсер ету нысанында да болуы мүмкін. Әдетте жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларынан зардап шегетін адамдарды жүйкесіне зақым келтіру жолымен адамды өмірінен айыру жиі кездеседі. Қорқытулар әр түрлі жүзеге асуы мүмкін, сөз жүзінде немесе әрекетпен жасалуы мүмкін. Қылмыстық заңның жалпы бөлімінде күш көрсетіп зорлық жасаудың не екендігін анықтау қажет, оның түрлері: өмірінен айыру, денсаулығына зиян келтіру, бостандығын шектеу, жыныстық қатынасқа бару. Жәбірленушілерге келтірілген зиян сипаты олардың жасалу тәсіліне байланысты. Тәжірибеде кездесетін өте психологиялық тұрғыдан қарағанда ауыр қылмыстардың бірі зорлау болып табылады. Бұл қылмыстың объектісі негізінен әйелдің жыныстық бостандығы, еркі болып табылады. Бұл қылмыстың ерекшелігі субъектісі арнаулы, яғни ер жынысты адамдар саналады. Бұндай қылмыстарды қазіргі таңда анықтау өте қиынға соғып жүр. Көп жағдайда латентті қылмыстардың қатарына кіреді. Өйткені, әйел адамдар көп жағдайда құқық қорғау органдарына хабарласпайды. Сондықтан қылмысты ашу өте қиын.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте қылмыстың субъективтік жағы оның ішкі жағын көрсетеді және мынандай белгілерді қамтиды: кінә, ниет, мақсат және кейбір кездері эмоционалдық жағдай (оның ішінде, тек қана аффект).

Кінә - бұл адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетіне (әрекет немесе әрекетсіздік) және одан туындайтын зардапқа деген тұлғаның психикалық көзқарасы. Кінә кез-келген қылмыс құрамының негізгі белгісін құрайды.

В.И. Ворошилин қылмыстың субъективтік жағын кінә өз ойлары бойынша соған кіргізілетін ниетпен, мақсатпен теңестіріледі. Мұнымен келісуге болады, өйткені, кінә, ниет, мақсат дербес

мазмұны бар өз алдына психологиялық құбылыс болып табылады. Қылмыстық жауаптылыққа және жазалаушылыққа тек қана қылмыс жасаған кінәлі, яғни қылмыстық заңда көрсетілген қасақана немесе абайсызда жасаған қоғамға қауіпті әрекетте жасаған тартылады. Пайдақорлық қылмыстарының негізгі мақсаты пайда табу, баюға ұмтылу болып табылады. Ал зорлық қылмыстары болса, тұлғаға белгілі бір психикалық және физикалық зиян келтіру арқылы мақсатқа жету болып табылады.

Пайдақорлық, зорлық қылмыстарының барлығы да қасақана ниетпен жасалады, өйткені, оларды абайсызда жасау мүмкін емес. Б.С. Никифоров «пайдақорлық мақсатты талан-тараждың қажетті белгісі деп қараудан толық бас тарту қажеттігін ұсынады». Қылмыстық заң бойынша, пайдақорлық дегеніміз кез келген формада, не материалды игіліктер алу арқылы, материалдық шығындардан құтылу. Кудрявцевтің мына ойы шындыққа сай келеді: «қылмыстарды ажыратуға көмектесетін қылмыстың субъективтік жағы - ол кінә болып табылады [5].

Қылмыстық құқық бойынша қылмыс субъектісі болып қылмыстық заң тыйым салған қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасаған және ол үшін жауап бере алатын адам болып табылады. Қылмыс субъектісі – қылмыс құрамының бір элементі, онсыз қылмыстық жауаптылық мүмкін емес. Қылмыс жасаған кезде тұлға мынадай белгілері болса істегені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады, егер ол:

1) жеке тұлға болса,

2) есі дұрыс болса,

3) қылмыстық заң белгіленген жасқа толса. Қылмыс субъектісі болып міндетті түрде есі дұрыс адам саналуы керек, яғни өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) нақты мағынасын бағалай алатын, оған басшылық жасауға шамасы бар және оның жеке тұлға болуы тиіс. Психикасының бұзылғандығы салдарынан мұндай мүмкіндіктен айырылған адамдар қылмыс субъектісі бола алмайды.

Зорлық, пайдақорлық қылмыстарының ішінде қылмыстың арнайы субъектісі тек бандитизм құрамының үшінші бөлігінде ғана көрсетілген. Яғни, (мысалы, полиция қызметкері, әскери қызметкерлер жасаған бандитизм үшін) күшейтілген жауаптылық белгіленген. Пайдақорлық қылмыстарын жасаушы тұлғалардың белгілері: пайдақорлық ниетінің тұрақтылығы, зорлық қылмыстарын жүзеге асыру кезіндегі тәсілдердің сипаттамасы. Пайдақорлық, зорлық қылмыстарын жүзеге асырушылар қатал, ерекше қатал болып келеді [6]. Кейбір криминологтардың пікірінше, қылмыскер тұлғасы өте күрделі мәселе, ал кейбіреуі олай ойламайды, яғни «қылмыскер тұлғасы түсінігінде» теориялық және тәжірибелік мазмұн жоқ дейді, өйткені, қылмыскерлердің барлығына бір құрам тән: олардың барлығы да заңды бұзды. Ал өзге криминологтар болса, криминологиялық анализ жасау үшін қылмыс субъектісі ұғымының жеткіліксіздігін, қылмысты жасаған тұлғаның қылмысты мінез-құлқының себептері мен механизмін анықтау қажет [7]. Пайдақорлық қылмыстарын зерттеген кезде негізінен адамдардың тұлғалық ерекшеліктері ескеріледі. Уақыт өткен сайын зорлық, пайдақорлық қылмыстарының деңгейі қанағаттанарлықтай емес. Аталған зорлық, пайдақорлық қылмыстарының субъектісі өте қауіпті, көп жағдайларда психикалық тұрақсыз, бұрын сотталған адамдармен жасалады. Бұл қылмыстарды алдын алу мақсатында жазаны нығайту, моральды тұрғыдан тәрбие беру, адамдардың мәдени және білім деңгейін көтеру керек. Сондай-ақ, азаматтарға құқықтық тәрбие беріп, адамдарды қылмыстың құрбаны болудан, яғни оларға виктимологиялық профилактика жасауға ұмтылу керек, яғни қажетті алдын алу шараларын қолданудың маңызы зор.

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М., 1987. - С. 242.

2. Жижиленко А.А. Преступления против личности. - М-Л., 1927. – 125 с.

3. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысы/Юрист, 2009.

4. Булатов С.Я., Мамутов А.М. Ответственность за преступления против личности по Уголовному кодексу ССР. 1961г. – 102 б.

5. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. 2-е изд. Перераб. и дополн. - М. Юрист, 2001. - 304 б

6. Личность преступника / под ред. В.Н. Кудрявцева. - М., 1975. - С. 50-53.

7. Гуров А.И. Профессиональная преступность: прошлое и современность. - М., 1990. - С.154.

В данной статье автор рассматривает корыстную и насильственную преступность как наиболее распространенный криминальный феномен в мире, а также проводит уголовно-правовой анализ данных преступлений.

In this article the author examines mercenary and violent criminality as the most widespread criminal phenomenon in the world, and also conducts the legal analysis of these crimes.